



## **Құбыр жүргізетін транспортпен және электр берілісінің желілерімен өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу туралы**

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасының Кеден комитеті 1996 жылғы 28 мамыр N 114-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 12 маусымда N 180 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 51 бұйрығымен. ~ V011441

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Жарлығының 154, 193, 201, 202 баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы құбыр жүргізетін транспортпен және электр берілісінің желілерімен тауарлар өткізудің кедендік ресімделуін және кедендік бақылауын жетілдіру мақсатында бұйрық етемін:

1. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы құбыр жүргізетін

транспортпен және электр берілісінің желілерімен өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу туралы қоса тіркеліп отырылған Нұсқау бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Кеден комитеті Төрағасының Бірінші орынбасары Ә.М.Мелдехановқа жүктелсін.

Төраға

ҚР КК-нің  
28.05.96 N 114-П  
бұйрығымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы  
құбыр жүргізетін транспортпен және электр берілісінің  
желілерімен өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу туралы  
**НҰСҚАУ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы құбыр жүргізетін транспортпен және электр берілісінің желілерімен өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу туралы осы Нұсқау (бұдан әрі - Нұсқау) Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы магистралды мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырлары және газ құбырларымен және электр берілісінің желілерімен өткізілетін тауарларды (бұдан әрі - тауарлар) кедендік ресімдеу тәртібін анықтайды.

Осы Нұсқаудың күші біреуі құбыр жүргізетін транспорт болып табылатын әрқелкі түрлерімен тауарларды тасымалдаудың аралас күйіне де қолданылады.

1.2. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы құбыр жүргізетін транспортпен және электр берілісінің желілерімен өткізілетін тауарларды өткізу "Қазақстан Республикасы кеден ісі туралы" Жарлықта көзделген тәртіппен кеден режимдеріне және Қазақстан Республикасы кеден заңдарының өзге де қалыпты құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

1.3. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы құбыр жүргізетін транспортпен және электр берілісінің желілерімен өткізілетін тауарлар осы Нұсқауға және Қазақстан Республикасы КК-нің басқа да қалыпты актілеріне сәйкес кедендік ресімдеуге және кедендік бақылауға жатады.

Тауарларды кеден органдарының рұқсатынсыз өткізуге жол берілмейді. Тауарларды кеден органдарының рұқсатынсыз өткізетін тұлға Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жауап береді.

1.4. Тауарларды өткізетін тұлға Қазақстан Республикасы кеден органдарына осы органдардың кедендік және валюталық бақылауды жүргізуі үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға міндетті. Құжаттар мен мәліметтер, оларды ұсыну тәртібі осы Нұсқау, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлық және Қазақстан Республикасы КК-інің қалыпты актілері арқылы анықталады.

1.5. Тауарларды кедендік ресімдеу бұл үшін анықталған жерлерде кеден органының қызметі аймағында жүргізіледі. Өнім қоюға шет ел тұлғасымен (бұдан әрі тиісінше экспортшы немесе импортшы) шарт жасасқан ұйым тауарларды кедендік ресімдеуді тауардың орналасқан жері бойынша аймақта жүргізеді.

ЕСКЕРТУ. 1.5.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Кеден комитетінің 1997.01.10. N 5-П бұйрығымен.

1.6. Кедендік ресімдеудің нақты орнын тиісті кеденнің бастығы белгілейді.

Тауарларды өткізу транспорттың бір түрінен көбін (құбырмен жүргізетін-теміржол транспорттың, құбырмен жүргізетін автомобиль транспорттың ж.т.б.) пайдаланатын жағдайда кедендік ресімдеу қызметі

аймағында соңғы түріне қайта тиеу жүзеге асырылатын кеден органында жүргізіледі.

Егер тауарларды іс жүзінде әкелу (әкету) теңіз (өзен) транспортын пайдалана отырып жүргізілетін болса, онда кедендік ресімдеу қызметі аймағында Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы тікелей өтетін теңіз (өзен) кемеге тиеп салу жүзеге асырылатын кеден органында жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 1.6.-тармақ өзгертілді - ҚР Кеден комитетінің  
1997.01.10. N 5-П бұйрығымен.

## 2. Тауарларды декларациялау

2.1. Тауарлар осы Нұсқауға, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлыққа және Қазақстан Республикасы КК-інің қалыпты актілеріне сәйкес кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органында декларациялауға жатады.

2.2. Бір топтама ретінде жеткізілім көлеміне қарамастан бір шарт (келісім шарт) арқылы жеткізілетін тауарларды бір күнтізбелік ай ішінде, ал электр энергиясын тоқсан ішінде декларациялауға болады. Мұндайда теңіз (өзен) транспортын пайдалану жағдайларын қоспағанда декларациялауға кеден органының арнайы рұқсаты талап етілмейді.

2.3. Толық кедендік жүк декларациясы (бұдан әрі - КЖД) төрт данада толтырылады, кедендік ресімдеу аяқталған соң олардың:  
бірінші данасы - кеденде қалады;  
екінші данасы - кедендік статистикада қолданылады;  
үшінші данасы - декларантқа қайтарылады;  
төртінші данасы - тасымалдаушыға беру үшін декларантқа қайтарылады және тауарды тасымалдауға рұқсат болып табылады.

Егер тауарлар Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы осы Нұсқаудың 1.5. тармағында көрсетілген транспорт әркілкі түрлерін пайдалана отырып өткізілетін болса, онда Қазақстан Республикасы кеден аумағынан нақты әкетуге рұқсат болып кеден органының "Шығаруға рұқсат" мөртаңбасы басылған, кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілген, КЖД нөмірі бар, сонымен қатар жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілген тасымалдау құжаттары саналады.

2.4. Бір топтама ретінде бір шарт (келісім шарт) арқылы жеткізілетін тауарларды декларациялау кезінде декларант КЖД-ның 31 бағанына күнтізбелік айдың және жылдың не тоқсан мен жылдың атын көрсете отырып "... үшін өнім қою ішіндегі жеткізілім" деп қосымша жазу жазады.

Тасымалдаушы тауарларды Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өткізуді тек КЖД-да мәлімделген мерзімде ғана жүргізе алады.

ЕСКЕРТУ. 2.4.-тармақ өзгертілді - ҚР Кеден комитетінің  
1997.01.10. N 5-П бұйрығымен.

3. Уақытша кедендік жүк декларациясын беру жолымен  
тауарларды декларациялау кезінде оларды кедендік ресімдеу

3.1. Декларант ерекше себептермен КЖД-ны бере алмаса, уақытша кедендік  
жүк декларациясын (бұдан әрі - УКЖД) беруге рұқсат етіледі.

Ерекше себептер ретінде:

- КЖД-ны беретін күнге кеден органына іс жүзінде ұсынылуы мүмкін  
құрылған тауар топтамасының жоқтығының;

- КЖД-ны беретін күнге тауарлардың мөлшері мен сапасын және олардың  
құнын анықтаудың мүмкін еместігінің қаралуы мүмкін.

3.2. Декларант УКЖД-ны тауардың жеткізілімі жоспарланатын айдың  
алдындағы, электр энергиясы үшін тоқсанның алдындағы ай ішінде кеден  
о р г а н ы н а ұ с ы н а д ы .

УКЖД-мен бірге мәлімделген кеден режиміне сәйкес Қазақстан  
Республикасы КК-нің белгілеген кедендік ресімдеу және кедендік, валюталық  
бақылауды жүргізуге қажетті құжаттар мен мәліметтер де беріледі.

УКЖД-ны - жеткізілім айында ұсынуға жол беріледі.

3.3. УКЖД мәлімделген кеден режиміне қатысты қолданылатын КЖД-ны  
толтыру тәртібіне сәйкес төмендегі ерекшеліктер:

а) "Декларация үлгісі" 1 бағанының үшінші бөлімшесінде "УД" әріп индексі -  
"уақытша декларация" жазылып көрсетіледі;

б) транспорт құжаттарының нөмірлері мен күндері көрсетілмей тауарлардың  
жоспарланатын мөлшері көрсетіледі;

в) тауарлар мөлшері мен сапасына байланысты КЖД-да мәлімделінуге  
жататын басқа мәліметтер жеткізілімге жататын тауардың жоспарланатын  
мөлшері ескеріліп, шамалай көрсетіледі;

г) декларант тауардың құнын сыртқы саудалық мәміле сауда-саттық бағасын  
ескере отырып мәлімдейді. Келісім шартта (шартта) тауардың белгіленген (дәл,  
түпкі) бағасы болмаса, оны анықтау шарттары (мәселен, белгілі бір күнге бағаны  
есептеудің немесе тауарды сату күніне биржалық бағалаудың формуласы  
негізінде) ғана белгіленіп отырса, сонымен қатар УКЖД-ны беретін күнге  
әкелінетін тауардың мөлшері мен сапасы туралы дәл ақпарат жоқ болса, онда  
әкелінетін (әкетілетін) тауарды шартты (уақытша) бағалау үшін не  
келісім-шартта белгіленген алдын алғы (шамалай) баға, не келісім-шартпен  
белгіленген есептеу шарттарына сәйкес УКЖД-ны беретін күнге анықталған  
есептеу бағасы қолданылады.

Мұндай есептеуді жүргізу мүмкін болмаса, онда әкелінетін (әкетілетін) тауарды шартты (уақытша) бағалауды кеден органындағы бар бағалық ақпараттың негізінде жүргізуге болады.

д )

ЕСКЕРТУ. д)-тармақша алынып тасталды - ҚР Кеден комитетінің 1997.01.10. N 5-П бұйрығымен.

3.4. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізуді тасымалдаушының УКЖД-ның 44 бағанында мәлімделген мерзімдерінде, алайда үш айдан асырмай жүргізуге болады.

ЕСКЕРТУ. 3.4.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Кеден комитетінің 1997.01.10. N 5-П бұйрығымен.

3.5. УКЖД-ны, транспорт және басқа да құжаттарды ресімдеуді кеден органы КЖД-ны беру жолымен декларацияланатын тауарларға қатысты қолданылатын тәртіпке сәйкес жүргізеді.

3.6. УКЖД парақтарын бөліп тарату осы Нұсқаудың 2.3. тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

3.7. УКЖД-да мәлімделген тауар топтамасы жеткізілгеннен кейін 20 күннен кешіктірмей декларант УКЖД-да мәлімделген тауардың кедендік ресімдеуін жүргізген кеден органына толық кедендік жүк декларациясын ұсынады.

Аталған мерзім коносаментті, қабылдау-өткізу актісін не жеткізілген тауардың мөлшерін анықтау үшін пайдаланатын және тасымалдаушы ресімдейтін (бұдан әрі - транспорт құжаттары) басқа да құжатты ресімдеген күннен бастап есептеледі.

Декларацияланатын топтамаға бірінен кейін бірі бірнеше транспорт құжаттары жасалған жағдайда аталған мерзім соңғы транспорт құжаты ресімделген күннен бастап есептеледі.

Аталған мерзім табиғи газ бен электр энергиясы үшін тауар жеткізілген айдың соңғы күнінен бастап есептеледі.

Ерекше жағдайларда кеден бастығының рұқсатымен КЖД ұсыну мерзімі ұзартылсын, бірақ 30 күннен асырылмасын.

ЕСКЕРТУ. 3.7.-тармақ өзгертілді - ҚР Кеден комитетінің 1997.01.10. N 5-П бұйрығымен.

3.8. КЖД-ны декларант толтырады және береді, кеден органының УКЖД-ны қабылдаған күніне қолданылатын Қазақстан Республикасы КК-інің қалыпты актілеріне сәйкес қабылданады және ресімделеді.

КЖД төмендегі ерекшеліктер:

- "Декларация үлгісі" 1 бағанының үшінші бөлімшесінде "ТД" әріп индексі - "толық декларация" жазылып көрсетіледі;

"Жөнелтуші" 2 бағанында тауарларды мұнай, мұнай өнімдерін, газ бен электр

энергиясын тікелей өндірушілерді көрсетеді, жөнелтуші тауарлардың өндірушісі болып табылмаса, Қазақстан Республикасы кеден аумағынан әкету, осы аумаққа әкелу үшін тауарларды тиеу мен оларды тасымалдаушыға беру бойынша әрекеттер жасайтын тұлға туралы мәліметтерді көрсету қажет.

"Жалпы декларация/алдын алғы құжат" 40 бағанында УКЖД-ының анықтамалық нөмірі көрсетіледі.

"Кедендік бақылау" Д бағанында кеден органының лауазымды адамы транспорт құжатының күнін қосымша жазады, табиғи газ бен электр энергиясы үшін тауар жеткізілімі жүзеге асырылған соңғы айдың күнін көрсетеді. Осы жазу кеден органының лауазымды адамының қолымен және "Шығаруға рұқсат"

мөртаңбасымен куәлендірілуі ескеріліп толтырылады.

КЖД парақтары төмендегідей тәртіппен бөлініп таратылады:

бірінші данасы - кеденде қалады;

екінші данасы - кедендік статистикада қолданылады;

үшінші данасы - декларантқа қайтарылады;

төртінші данасы - тасымалдаушыға беру үшін декларантқа қайтарылады және тауарды тасымалдауға рұқсат болып табылады.

3.9. Сыртқы сауданың статистикасында және валюталық бақылауды жүзеге асыру үшін тек қана толық кедендік жүк декларациялары ескеріледі.

4. Тауарларды кеден органы мәлімдегеннен өзгеше мөлшерде әкелу (әкету) жағдайында оларды кедендік ресімдеудің ерекшеліктері

4.1. Әкелінген (әкетілген) тауардың нақты мөлшері УКЖД немесе КЖД-да мәлімделген мөлшерден асуы мүмкін емес.

4.2. Әкелінген (әкетілген) тауардың нақты мөлшері УКЖД немесе КЖД-да (топтаманы жөнелткенге (алғанға) дейін кеден органына нақты ұсынылған нақты тауар топтамасын декларациялау кезінде) мәлімделген тауарларды нақты әкелуді (әкетуді), сонымен қатар УКЖД (КЖД)-да мәлімделгеннен аз мөлшерде әкетуді (әкелуді) жүзеге асырмаған жағдайда мұндай тауарлар келесі жолы да жеткізілетін кезінде қайта декларациялауға жатады.

4.3. Декларанттағы УКЖД (КЖД) данасын, кеден органдары мен лауазымды адамдары жүргізген кеден мөрлері, мөртаңбалары мен жазбалары қойылған осындай тауарларға транспорттық және тауарды ілеспелеу құжаттарын, сонымен қатар жеткізбеудің себептері, нақты әкелінген (әкетілген) тауардың мөлшері

туралы экспортшының (импортшының) жазбаша түсініктемесін тауарлар КЖД-ны осы Нұсқаудың 3.7. тармағында көрсетілгеннен аспайтын мерзімде беру жолымен декларацияланатын жағдайда декларант КЖД-ны бергенге дейін немесе берумен бір мезгілде кеден органына ұсынады.

4.4. Әкелу (әкету) жүзеге асырылмаған жағдайда УКЖД (КЖД)-ны жою кеден органы лауазымды адамының қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілетін "Жойылды" "С" бағанында жазу немесе сызып тастау жолымен жеткізілімнің жүзеге асырылмағаны жайында тасымалдаушының деректі растауынан соң жүргізіледі.

4.5. КЖД-да мәлімделген тауарларды әкелуді (әкетуді) ішінара кеден органының лауазымды адамы жүзеге асырған жағдайда декларант пен кеден органының УКЖД (КЖД) даналарының "С" бағанында нақты жеткізілген тауардың мөлшері көрсетіледі және кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілетін "Тауар ішінара жеткізілді" деген жазу ж а з ы л а д ы .

4.6. Транспорт және тауарларға ілеспе құжаттарында кеден органдарының лауазымды адамдары жүргізген кеден мөрлері, мөртаңбалары мен жазбалары кеден органы лауазымды адамының қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілетін "Жойылды" жазуын жазу және сызып тастау жолымен жойылады .

## 5. Кеден төлемдерін төлеу, экономикалық саясат пен басқа да шектеу шараларын сақтау

5.1. Декларациялауы УКЖД-ны беру жолымен жүзеге асырылған тауарларға қатысты экономикалық саясат пен шектес шараларын сақтау Қазақстан Республикасы валютасына шет ел валютасын аудару бағамын қоса отырып аталған уақытша декларацияны кеден органының қабылдаған күні қолданылатын нормаларға сәйкес жүргізіледі.

Кеден төлемдері УКЖД қабылдағанға дейін немесе қабылдаумен бір мезгілде төленеді. Кеден төлемдерін төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуді ұсыну Қазақстан Республикасы Кеден Комитетінің қалыпты актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеудің басталған күні болып кеден органының УКЖД-ны қабылдаған күні саналады.

5.2. Жеткізілім нәтижесінде төлеуге жататын кеден баждарының, салықтар мен алымдардың сомасы УКЖД-да мәлімделгенмен салыстырғанда өсетін жағдайда оларға қосымша төлеу жүргізіледі, егер азаятын жағдайда кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органы төлеушіге айырмасын қайтарады не төлеушінің өтініші бойынша артық төленген сомаларды келесі төлемдер есебіне

ж а т қ ы з а д ы .

Кеден төлемдеріне қосымша төлеуді төлеуші Қазақстан Республикасы кеден органының КЖД-ны қабылдағанына дейін немесе қабылдауымен бір мезгілде жүргізеді.

Кеден төлемдері мен салықтардың сомаларын қайтаруды, сонымен қатар оларды келесі төлемдер есебіне жатқызуды Қазақстан Республикасы қалыпты актілеріне сәйкес кеден органдары жүргізеді.

5.3. КЖД-ның (УКЖД-ның) күші жойылған кезде кедендік ресімдеу үшін кеден алымдарын қайтару жүргізілмейді. Төлеушінің өтініші бойынша сома тауардың келесі топтамаларын кедендік ресімдеу үшін төлемдердің есебіне ж а т қ ы з ы л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 5.3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Кеден комитетінің  
1997.01.10. N 5-П бұйрығымен.

## 6. Кедендік және валюталық бақылау

6.1. Кедендік және валюталық бақылауды кеден органдары "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлыққа, Қазақстан Республикасының валюталық заңдарына және қалыпты актілеріне сәйкес жүргізеді.

УКЖД-ны беру жолымен тауарларды декларациялау кезінде аталған декларацияны кеден органы қабылдаған күні қолданылатын нормаларға сәйкес қ о л д а н ы л а д ы .

Валюталық түсімдердің түсу мерзімі кеден органы лауазымды адамының КЖД "Д" бағанында қосымша көрсеткен транспорт құжатының күнінен бастап, табиғи газ бен электр энергиясы үшін тауарды жеткізу жүзеге асырылған айдың соңғы күнінен бастап және "Шығаруға рұқсат" мөртаңбасында көрсетілген күннен б а с т а п е с е п т е л е д і .

6.2. КЖД ұсынылғанға дейін УКЖД-ны беру жолымен тауарларды декларациялау кезінде бақылау үшін экспортшы (импортшы) ұсынатын жедел, коммерциялық және транспорт құжаттары пайдаланылады, сонымен қатар Қазақстан Республикасы кеден органының талабы бойынша тасымалдаушылар не аталған құжаттары бар не тауарлардың мөлшері мен сапасы туралы мәліметтері бар басқа тұлғалар қолданады.

6.3. Тауарларға қатысты өкілеттіктерге ие тұлғалар тауарлардың мөлшері мен сапасын анықтауды жүргізуге міндетті. Тауарлардың мөлшері мен сапалық құрамын растайтын құжаттар КЖД-ны берумен бір мезгілде кеден органына б е р і л е д і .

6.4. Тауарлардың мөлшері мен сапасына бақылауды қызметі аймағында құбыр жүргізетін транспортта және электр берілісінің желілерінде



кабылдау-өткізу пункттері, сонымен қатар транспорттың бір түрінен екінші түріне тиіп салатын жерлер орналасқан Қазақстан Республикасы кеден органдары жүзеге асырады.

Тауарлардың мөлшері мен сапасының бағасына сәйкес келуін бақылау үшін кеден органдары кеден лабораториялары жүргізетін сараптау бағалауын пайдалана алады.

## 7. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы транзитпен өткізілетін тауарларды ресімдеу

7.1. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы транзитпен, сонымен қатар Қазақстан Республикасы кеден аумағында орналасқан екі пункт арасында, басқа мемлекеттердің аумағы арқылы өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеуді "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлыққа және Қазақстан Республикасы КК-інің қалыпты актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асырады.

7.2. Тауарларды декларациялауды тауарлар транзитінің кеден режиміне қатысты осы Нұсқауға сәйкес тауарлардың шетелдік иелеріне транспорттық экспедиторлық қызмет көрсететін қазақстандық заңды тұлға, сонымен қатар кеден делдалы (брокері, шарт негізінде декларант) жүзеге асырады.

7.3. Қолданылып жүрген қалыпты актілермен транзиттік тауарларды кедендік ресімдеудің (КЖД ұсынылмай) өзгеше тәртібі көзделген жағдайда декларациялауы жөнелтетін ел, жіберген ел, Қазақстан Республикасы кеден аумағынан әкетілген және осы аумаққа әкелінген тауардың статистикалық құны, мөлшері туралы мәліметтері бар жалпы деректерді Қазақстан Республикасы кеден органдарына беру жолымен қазақстандық тұлға немесе кеден делдалы (брокері, шарт негізінде декларант) жүзеге асырады.